

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 186 – 191

POLITICAL MODERNIZATION OF JAPAN (1797–1912)

A. Zh. Batenova

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: Meiji restoration, Westernization, modernization, shogun.

Abstract. This article gives the opening of Japan, westernization and process of modernization in the Meiji period. Period from 1797 through 1900 was known as a crucial moment in the destiny of the Japanese. The article examines the history and the Japanese modernization. This article draws attention to the problematic aspect of the research issues in historical events in the world of oriental science.

УДК 323(520)

САЯСИ ЖАҢАРУ САЯСАТЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖАПОНИЯ (1797–1900 жж.)

А. Ж. Бәтенова

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Тірек сөздер: Мейдзи реставрация, вестернизация, модернизация, сегун.

Аннотация. Макалада Жапонияда жүргізілген жаңарту туралы айтылады. Жапонияның «жабық есік» саясатынан кейін мемлекеттің ашылуы туралы баяндалған. Сонымен бірге, Жапонияға жаңарту жүргізілсе де, өзінідік жапондық рухы, жаңартуға дейінгі Жапонияның қаншалықты сакталуы әрі тарихқа көзқарасының қандай дәрежеде тұрғанын талқылаған. Жаңартуға дейінгі уақыт, жаңарту кезіндегі жағдай, жаңартудан кейінгі Жапонияны сипаттайды.

XIX ғасырдың ортасында Жапония феодалдық құрылымның ыдырауының салдарынан елдің дамуына кедергі болып отырған құлдырау жағдайында болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында ең алғашқы капиталистік мануфактура пайда болды. Алайда, феодалдық қатынастардың қалдықтары мен ішкі нарықтың тарлығы жаңадан қалыптасып келе жатқан өндірістің дамуына кедергі жасады. Сыртқы саяси жағдай да күрделене түсті. «Жабық есік» саясатының нәтижесінде жапондардың сыртқы әлеммен қатынасының жақсы болып кетуі қын болды. Ешкіммен араспайтын мемлекеттермен қарым-қатынас орнату XIX ғасырдың басында басталды.

Алғаш рет Жапония жағалауларына «Леди Вашингтон» 1791 жылы жүзіп барып, 1797 жылы Голландия туының астында «Элиза» Америкалық корабль келгенде Американың қолдауынсыз келді, 1815 жылдан бастап америка тарапынан қолдау тапты. Жапониямен сауда қарым-қатынасын жасауға және қарулы күштерінің қолдануына мүмкіндік алды. Тек қана Нагасаки портына ғана шетелдіктердің келуіне рұқсат етілді. Алайда олар басқа порттарғада кіруге талпыныс жасады. Бірақ нәтижесіз болып, осылай жылдар өте берді.

1791-1849 жылдар аралығында Америка Жапонияға 7 экспедиция жүргізілді. Бірақ олардың бәрі нәтижесіз болды. Сонымен қатар Англия (1791, 1813-1814, 1818, 1837, 1843, 1846, 1849) және Франция (1846) осындай экспедициялары нәтижесіз болды. 1846 жылы Американдық эскери кораблімен Бидлла комондирдің басқаруымен Токио жеріндегі Урагаға кіріп, бакуфуға АҚШ

президенттің бірге сауда байланысын жасауға және Қытаймен қарым-қатынас үшін өзінің реєсми хабарын жеткізді. Бірақ жауап әдептегідей жоқ болды. Жапонияға кіру үшін көптеген сұлтау ойлап тапты. Мысалы командир Глинн 1849 жылы корабльдің катан ережесі не шыдамай қашып Кюсю аралында тығызып жүрген 15 американлық матростарды алғып кету үшін келген еді. Және де коммандир Глинн Жапониямен сөзбен емес қарумен, құштеп АҚШ-тың айтқанын істеткісі келеді. 1852 жылы бұл мәселені Президент Филмором қарап, сосын Америкалық басқару Жапонияға әскери-теніз құшін жібереді.

Жапония тек Голландия мен ғана қарым-қатынаста болып келіп, басқа мемлекетке өзінің «жабық есік» сясатындағы жағдайы бірқалыпты болу себебінен және шет мемлекетпен қарым-қатынастан халық арасында іріткі салынады деген қорқыныштан, шет мемлекеттердің жорықтары сөтсіз болып келді. Ал Голландия байырғы заманан сауда серіктесі болып, оның үстінде мемлекетке тек бір ғана порттан кіруге рұқсат берілген. Ал басқа мемлекеттерге мұлдем рұқсат жоқ, ері ол рұқсатты алу мүмкіндігін бергісі де келмейді.

Қыыр Шығысқа белсенді әрекетін Ресейде атқарып отырды. Олардың тарапынан Кука, Лаперуза, Ванкувера экспедициялары, сол кезде Франция мен Англиямен де кездесіп қалатын сол кезде олар мемелекет атымен емес, сауда компаниялардың атымен шығатын. Саудамен, реєсми қатынаста болу үшін 1792 жылы А. Лаксман «св. Екатерина» кораблмен барады. А.Лаксманның негізгі мақсаты ол бір порт болса да Ресеймен сауда байланысын жасауға портты ашуға рұқсат сұрайды. Оған сол елдің заңына және дәстүріне бойқыну керек болды. Бұл кораблмен бірге Ресейде түрлі жағдайлармен қалып қойған Жапондықтарда өз еліне қайтуға мүкіндік болды. Лаксман Хокайдо аралына келіп, Нэмуро қаласына барғанда, Мацумае князьздігінің кезі еді. Лаксман келіп, солтүстік-шығыс Хокайдоны сипаттап, карта ойлап табады. Жапондықтар Ресейліктердің Жапонияны зерттеуіне қарсы болмады. Бірақ олар сол елді мекендерегенде сауда байланысын жасауға тыым салды. Лаксман сегуннан реєсми тұрдегі рұқсатты тек қана 10 айдан кейін ғана алды. Яғни 1793 жылы, сегунның осы кезде Лаксманға қойған шарты: «Ол жерде сіз тек қана Нагасакига ғана келе аласыз. Және де бізде христиан діні рұқсат етілмейді. Оның діни заттарды алғып келуге болмайды ол кері әсерін береді. Дәл сізге айтылған күні жағаға келсеніз, сізге жеке күәлік беріледі», - деп айтылады. Ресейге бұл үлкен жетістік еді. Бірақ Жапония бұл лицензиямен тек 1803 жылы ғана пайдалана алатын болды. Оған дейін Ресейдің көнілі Француздармен 1789-1794 жылдар аралығында болып жатқан революцияда еді. Бұл революция 1795 жылы Польшаның бөлнүімен аяқталған. 1796 жылы Екатерина II қайтыс болды. Соңдықтан бұл Жапонияға тауарды апару орындалмады. Сонымен Лаксманның миссиясының барлық сәтті нәтижелері, сәтті жауаптары жоққа айнала бастады. Жапониямен байланысты Лаксман арқылы алған линцензияны пайдалана отырып, олар 1803 жылы Америка-Ресейлік сауда компаниясының атынан линцензия сұрайды. Осыдан кейін командирі И.Ф. Крузенштерн оның көмекшісі Ю.Ф. Лисянск олар «Надежда» және «Нева» коробылдерімен Ресейде қалып қойған Жапондықтарды толтырылып Жапонияға барды.

Елшілікті басқарған Ресейлік-Америкалық компанияның менгерушісі Н.П. Резанов болды. Резановтың елшілігі 1804 жылы Нагасакига көшіп келді. Жапондықтар ұзақ уақыт бойы Лаксманға берген линцензиясын жоққа шығарады. Оған бірнеше себептер болды. Бірінші, Жапонияның өзінің ішкі саяси-экономикалық жағдайы тұрақты, орнықты болмады. Екінші, Ресеймен қарым-қатынас жасау басқа мемлекеттер менде қарым-қатынас дамып кетеді деп қорықты. Үшіншіден, олар жабық есік саясаты бұзылады деп қорықты, себебі олар оған әлі дайын емес еді. Және тағы бір рет христиан дінінің келуінен де қорықп, орыстардың ұсынысынтарын қабылдамайды. Орыс императоры өзінің жіберген елшіліктерінің іс-әрекетіне риза болмады. Ал Резанов Петербургқа баар жолда қайтыс болды [1, б.280].

XIX ғасырдың ортасына таман ірі державалар Жапонияға жол салу, елдің ішіне енү жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. Сегундармен күрес алпауыт елдердің әлемдік мәселе сіне айналды. 1852 жылы АҚШ Жапонияға 12 әскери эскадраны жіберуді шешеді. Оның жетекшісі ретінде теніз официері Мэттью Перриді қояды. Американдықтар Мэттью Перриге мынандай талаптар қояды:

1. Жапонияның ашылуы мен сауда байланыс орнату;
2. Жапонияның саяси көзқарасы дұрыс болып, басқа мемлекеттерге де Англия, Франция, Ресей менде саяси байланыста болуына жағдай жасау;

3. Эр түрлі ақпарат жинау керек екендігін, және де басқада қызыр шығыс елдерінен де осы Жапония жайлы мәлімет жинау.

Эдо қаласына жақын қаланың біріне, 1853 жылы шілдеде Перри Урага қаласына келеді. Жапондықтар Нагасакига ғана рұқсат берсе, ол тек Урага мен Америка президенттінің жолдауын беру керекпін деп жауап қайтарады. Американдықтардың астанаға жақын жерге келуі мемлекет басшылығында да, халықта да қорқыныш ұялады. Бірақ бакуфу Америка әскеріне қарсы тұра алмагандықтан ештеме жасай алмады. Даймелардың көбісі Жапонияның ашылуына келісті. Келіспеуге болмайтында еді, өйткені олар Американың әскеріне қарсы тұра алмады. Даймелар Жапонияның ашылуы кейінгі болашағы үшін де жақсы екенін білді. Соның нәтижесінде Америка женіске жетіп, Жапония ашылды. Одан 6 айдан кейін ғана Жапония тараپынан Ресейге портты ашуға келісімін береді.

1853 жылы американдық эскадра адмирал Перридің басшылығымен Жапония жағалауларына келіп, АҚШ-тың бір жақты түрде сауда шартын бекітуді талап етті. 1858 жылы аталынған шарт бекітілді, ол бойынша Жапония АҚШ-тан келетін тауарларға белгіленген мөлшерден тыс (5-тен 35 пайызға дейін) баждар қоя алмайтын және де Жапонияда жүрген американдықтардың аумақтық тиістілік қағидасы (олардың жергілікті сottарға бағынбауы) танылды. Осыдан соң Англиямен, Франциямен, Голландиямен тен емес шарттар бекітілді. Сегунның үкіметі аталған шарттардың барлығына өз келісімін берді. Бөтен елдердің ашық түрдегі шабуылына жапон қоғамының барлық топтары – шаруалар, жұмысшылар, жас буржуазия, самурайлар өз қарсылықтарын білдірді. Феодалдыққа қарсы құрес ұлт-азаттық қозғалысмен ұштасты, бұл қозғалысты император Муцухитоның жақтаушылары басқарды.

Сегун әскердің бас қолбасшысы болып табылды, алайда, императордың жақтастары және княздық-самурайлық топ сегунатты құлатуды және императорды қайта билік басына әкелуді, оның атынан реформалар жүргізуі мақсат етіп қойды. 1867 жылғы қазан айында императорлық топтың басшылары сегун Кейкадан жоғарғы билікті императорға беруді талап етті. 1868 жылғы қантарда сегунның әскері княздық-самурайлық әскермен шайқаста жеңілді. Императордың билігі қайта қалпына келтірілді. Мәйдзи реставрациясы жүзеге асырыла бастады. Ел дамудың буржуазиялық жолына бет бұрды. 1868 жылы цех бойынша бөлініп жұмыс істеу жойылып, халықтың барлығына еркін кәсіп таңдау мен сауда жасау мүмкіндігі берілді. Мемлекет бойынша бірыңғай зандар енгізіліп, сословиелік артықшылықтар жойылды.

1871 жылы жерді еркін сату-сатып алуға рұқсат етілді. 1872 жылы жерге жеке меншік құқығы бекітіліп, бірыңғай жер салығы енгізілді. Сол жылы Германияның үлгісі бойынша жалпыға бірдей әскери міндеттілік енгізілді, самурайларға әскери қызмет атқаруға артықшылық беретін құқықтар жойылды. Әскер германдық үлгі бойынша, ал флот ағылшындық үлгі бойынша құрылды. Ел аймақтары губернияларға бөлінді, оларды жоғарыдан тағайындалатын губернаторлар басқарды. Құқыққа қайши халықаралық шарттар күшін жойды. Саяси партиялар құрыла бастады.

1881 жылы либералдық партия, бір жыл өткен соң конституциялық реформалар партиясы құрылды. Бұл кезеңдегі реформалар кешенінің аяқталуы Жапонияның 1889 жылы конституцияны қабылдауымен байланысты болды. Бұл конституцияның қалыптасуы мен жазылуына және бекітілуіне 20 жылдай уақыт кетті. Сол кездегі тағайындалған министр Ито Хиробуми тіл үйреніп, Америка конституациясын оқып, талдай бастайды, бірақ ол конституциядан жапон дәстүріне, менталитеттіне ешқандай ұқсастық таптаған соң европа елдерінің ата зандарын зерттеуге кіріседі. Кейін үлгі ретінде Пруссияның және Германияның конституациясынан алынады. Бұл конституциялардан алу үшін де олар оны талдап, құпия кенес құрып, дәстүрімізге тұра келе ме деп көп қарастырылғаны да бізге мәлім.

Қабылданған конституция бойынша император қасиетті және қол сұғылмайтын тұлға ретінде жарияланды, ол министр-президентті (атқарушы биліктін басшысы) және оның ұсынысы бойынша министрлер кабинеттің тағайындастын болды.

Парламент екі палатадан тұрды: пәрлер палатасы және депутаттар палатасы. Пәрлер палатасына титулдарға ие ақсүйектер (мұның алдында европалық титулдар енгізілген болатын: князь, виконт, маркиз, барон, граф) және император әулетінің мүшелері сайланатын. Депутаттар палатасы сайлауда женген тұлғалардан тұрды. 1890 жылғы заңмен сайлауға қатысу құқығы 25 жасқа толған, әскери міндеттілігі жоқ, кем дегенде 15 иен тікелей салық төлейтін және белгілі бір жерде 1,5 жыл

тұрғылықты өмір сүрген жапон азаматтарына берілді. Екі палата мен Үкіметке де заң шығару құқығы берілді. Заң жобаларын палаталар жекелеген мәжілістерде талқылайтын және көпшілік дауыспен қабылданатын.

1890 жылы мемлекет үшін біртекtes соттарды құруға бағытталған заң қабылданды. Округтарда бірінші инстанция бойынша округтық соттар жұмыс жасайтын болды. Округтар губерниялардың құрамына енді, келесі сатыда губерниялық соттар тұрды, одан жоғары жеті апелляциялық сот пен жоғарғы империялық сот жұмыс жасады. Сонымен бір мезетте прокуратураның мәртебесі бекітілді. Оған мынадай өкілеттіктер берілді: алдын-ала тергеу, мемлекеттік айыптау және соттарды қадағалау. Адвокатураға да сотта қорғаушы орган ретінде мәртебе берілді. 1890 жылы қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа басылымы шықты (бірінші басылымы 1880 жылы шықкан болатын) [2, б.10].

Императордың жаңында Құпия кеңес пен императордың сегүнмен соғысындағы оны жақтаушы аксүйектерден тұрған генро жұмыс жасады. Бұл органдардың құрамында әскери аксүйектердің орны ерекше болды, олар Жапонияны біртіндеп милитаризациялауга күш салды. Бұл мақсаттарда бюджеттен әскерді қаруландыруға және дамытуға көптеген қаржы бөлінді. Оңтүстік-шығыс Азия үшін қуатты әскери және флотының болуы Жапонияның сыртқы саясатының сипатын анықтады.

1872 жылы Жапония Ликей аралдарын басып алды. 1894-1895 жылдары ол Қытайға басып кіріп, Пескадор аралдары мен Тайвань аралын жаулап алды. 1910 жылы Кореяны басып алды. Жапонияның жаңа жолды таңдағанын – елдің жаңартылуын, қоғамдық өмірдің, соның ішінде діни сананың да өзгерілігін білдірді. Алайда алған мақсаттарға жету үшін жаңа өкімет органдарына елдің тарихи қалыптасқан ұлттық ерекшелігімен және мәдениеттің өзіндік бітім-болмысымен санасуға тұра келді. Бұл бағыттағы онтайлы жол “вакон есай – “жапон рухы және еуропалық білім” қағидаты болып көрінді [3, б.21].

Жапон қоғамындағы дәстүр мен вестернизацияның үйлесім табуы мәселесі де өзекті. Жапонияға вестернизация Мэйдзи кезеңінде (1868-1912) мемлекеттің ашық есік саясатын жүргізуінен басталады. Белгілі Жапон әлеуметтанушысы Цуруми Кадзуко атап көрсеткендегі, батыс елдеріне отыз жылдан уақыт керек болған мәселелерде Жапонияға он жылға ғана қажет болған. Жапонияның үнемі басқа елдерден жақсы жақтарын сініру немесе үйрену қабілетінің болуымен қамтамасыз етіледі. Жапон халқының тез бейімделгіш қасиеті, сонымен қатар дәстүрлік дамуында, басқа елдердің құндылықтарын игеріп, өздерінің ұлттық құндылықтарының бір бөлшегіне айналдыруы Құн шығыс елінің қазіргі кезеңге дейінгі даму тұрақтылығының негізі болып отыр.

Жапонияда батыстану кең көлемде дамыса да Жапон идеологиясы әлі күнге дейін сақталынып келуде. Жапон мемлекеті даму үрдісіне жету үшін батыстық вестернизациялық ықпалдың пайдалы жақтарын пайдаланып, дәстүрлі болмысын әлі күнге дейін сақтап дамытып келуде. Жапон қоғамында дәстүр мен жаңашылдықты үйлесім табуы жапон мемлекетін тұрақты даму жолына шығарды. Вестернизацияның қысымы жапон қоғамында қаншалықты күшті болғанымен де, жапондық ұлттық құндылықтар мәнгілік, ұлт психологиясына сінісп кеткен.

XIX ғасырда тарихшылар индустріалды немесе машиналық даму деп атайдын өркениет дамуының ерекше кезеңі басталады. Бұл дегеніміз өндіріске машиналардың көптеп енуі ғана емес, сонымен қатар қол енбек күшін ығыстыруды білдіреді. Өркениеттің мұндай даму жолында индустріалдық даму шектелмей, ғылыми даму арқылы жанданып отыру маңызды болып табылады.

Модернизация концепцияларының әсерінің күшеюін кейбір ғалымдар екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге жатқызады. Алғы шарттарының бірі экономикалық, саяси бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін. Рыноктық экономикасының енуі, экономикалық дамуды қамтамасыз ету, жоғары технологиялардың дамуы, білім деңгейінің көтерілуі, тұрмыста демократиялық принциптердің құрылуы және тағы басқа құндылықтар модернизациялық концепциялардың дамуының алғы шарттарына айналды.

Жапония АҚШ-тың экономикалық дамуын негізге алғып, дәстүршілдік қоғамнан индустріалды қоғамға айналдыру мақсатын алдына қойды. Қазіргі таңда саясатта модернизацияның бірнеше теориялары қалыптасқан. Осы теориялардың ортақ қарастырып отырған мәселесі қоғам және мемлекет дамуының универсалды құндылықтарын анықтау.

Модернизацияның құрайтын элементтер: қазіргі даму үрдісіне сай ұлттық тәуелсіз мемлекет құру, ұлттық қоғамдық құрылымның әлсіз болуы, барлық құқықтарға ие азаматтар санының өсуі,

әлеуметтік топтардың саяси өмірге араласуы, нарықтық экономика. Ғылым және техникалық прогресс әлемді шарықтау жолына және барлық әлеуметтік мәселелерді шешу жолына шығарады. Жаңа кезең адам тарихында капитализмнің пайда болуынан бастау алады, модернизм мазмұны осы формация құндылығының дүние жүзіне таралуымен ұштасады.

Міні Жапонияның жаңашылдық пен дәстүршілдікті бірге алып журуі онайға соқпағанын көреміз. «Жабық есік» саястынан «ашық есік» саясатына келуі, оған басқа мемлекеттерге ашылуына дайын еместігіне қарамастан ол белгілі бір тарихи кезеңдерден етті. Тен емес келісім шарттарды басынан өткізді. Ол кезде жаңашылдыққа бар күшін салуына да бірнеше себептер болды. Ол басқа әлемдік державаларды көріп, өзінің артта қалғанын байқады. Оған жаңашылдық өте қажет болды. Оған тілдерді үйреніп, алда айтып кеткендей мейдзи реставрациясы басты алдағы мақсат болып қойылды. Одан кейін де жалғасын тапты.

Жапония АҚШ, Ресей секілді әлемдік державаға айналғысы келді. Екінші дүние жүзілік соғысқа дейін Қытай, Ресей жерлерін жаулап алу арқылы, ұлken державалармен соғыста жеңіске жету арқылы Жапония державаға айналған еді. Ал екінші дүниежүзілік соғыста ол өзінің жеңілісінен кейін, білім, ғылымға бар күшін салып, техника, машина жасауда әлемді өзіне қаратуды мақсат етіп қойды. Сонымен катар ол дәстүршілдігінде ұмытпады. Ашық есік саясатынан бастап, қазіргі күнге дейін олар әлі өз дәстүрін ұмытпады, мысалы оларда жылына 15 шакты ұлттық мейрамдар болып отырады. Бір мейрамында алты жастан асқан жеткіншектеріне ұлттық киім кигізіп будда, синто храмдарына апарады.

Басқа бір мейрамында барлық жапондықтар ұлттық киімдерін киіп шеруге шығады. Бұл киімдерде Жапонияның сегун, дайме, император тарихи кезеңдеріне сәйкес ерекшеліктер де көрініс табады. Бұл үрдістердің мақсаты ел жастарының өз тарихын білуі, ұлттық дәстүрдің қалай қалыптасқанын білу болып табылады. Жапонияның Токио, Осака секілді нағыз тарихтағы Жапонияда жүргендей сезінетін Киото, Нара, Кобэ деген қалалары бар. Бұл қалалардан әлі күнге дейін Хэйан, Нара дәүіріндегі храмдар, мұсіндерді көре аламыз.

Жапонияның дәстүрлерінің әлі күнге дейін сақталып келе жатқанының тағы бір сыры, жапондықтар өз дәстүрін жоғары дәрежеде жарнамалай алады. Оларда жылдың әр мезгілінде мейрамдарға бөліп, шай рәсімін, сакураны тамашалау, кимоно киу деген секілді шаралар ұйымдастырылып отырады. Мектептерінде ұлттық спорт түрлерін үйретеді. Кезінде сегундар самурайларды жойып, әскер жинар алдында да император қылышты қолына алып: «біз жаңашылдыққа бет алсақ та, біз өзіміздің қайдан шыққанымызды ұмытпайық, ол біздің ұлken құрметке ие тарихымыз, біз самурайларға басымызды іп құрметтеуге тиіспіз» деп айтқаны бар екен.

Жапондықтар кез-келген сырт мемлекеттен келген нәрсені саралап, ол жапондықтардың дәстүріне сәйкес келе ме екенін тексеріп барып қабылдайды. Олар жаңашылдықты қабылдай отырып, өз әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін өте көркем түрде, жоғары бағалайды. Бұдан жаңғырудың ұлттық үлгісін іске асырудың нәтижесінде жапон дәстүрі сақталуымен бірге, біршама даму да тапқанын, атап көрсетсек, әлеуметтік бірлік пен тұтастыққа, өзара келісімге септігін тигізетін құндылықтар, салт-дәстүрлер мен институттар саналы түрде сақталынғанын көріп отырмыз. Мысалы бұл ретте идеал ретінде басында әкесі отырған, мықты бірлігі бар жапон жанұясы алынды. Осы тұрғыдан да әдетте баспасөзде, ғылыми ортада бизнес жүргізу мен экономиканы дамытуда дәстүрлі құндылықтарды да ұштастыра білген жапон мәдениеті туралы көп айттылады. Дегенмен де, күншығыс елінің саяси экономиясының мәдени кең мәтінін зерттеуші батыстық ғалымдар мынадай қарама-қайшылықты жайттарды да көрсетеді.

Жапония да басқа индустримальды ұлттарға ұқсас. Аға буын келешекке өткеннен айрылып қаламыз ба деген қауіппен қараса, жастардың өз ұлтының журіп өткен соқпақтары туралы түсініктері таяз. Соған қарамастан олар өздері құрып жатқан жүйені нағыз жапондық жүйе деп санайды. Бұл мысалды жапон ұлтымен ғана шектей алмаймыз, себебі, осы жайт тарихтың әртүрлі кезеңдерінде де болған, ал бүгінгідей жаһандану дәүірінде қарам-қайшылықты сипатының ерекше көрінуінің де өзіндік кисыны сәйкес келіп тұр.

ЭДЕБИЕТ

- [1] Жуков А.Е. История Японии. 1868–1998: в 2 т. – М., 1999. – Т. 2. – С. 280.
- [2] Тадагава С. Конституция Японии 1889 г. и «модернизация» страны // Правоведение. – 2002. – № 4 (243). – С. 193-199.
- [3] Бунин В.Н. Японо-американский союз безопасности. – М., 2000. – С. 97.

REFERENCES

- [1] Zhukov A.E. History Of Japan. 1868–1998: in 2 v. M., 1999. V. 2. p. 280.
- [2] Tadagava S. Constitution of Japan 1889 and «modernization» of the country. Pravovedenie. 2002. N 4 (243). P. 193-199.
- [3] Bunin V.N. The Japanese-American Security Alliance. M., 2000. S. 97.

ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЯПОНИИ (1797–1912 гг.)**А. Ж. Батенова**

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Мейдзи реставрация, вестернизация, модернизация, сегун.

Аннотация. В статье рассматривается «открытие Японии», вестернизация и процесс модернизации в период Мейдзи. Период с 1797 по 1900 г. оказался переломным моментом в судьбе японцев. В статье анализируется история и японская модернизация. Данная статья обращает внимание на проблемный аспект исследования вопросов в исторических событиях в мировой востоковедческой науке.

Поступила 12.01.2015г.